

**"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасы Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 маусымдағы N 608 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасы Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасы Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімді бекіту туралы**

Алматы қаласында 1997 жылғы 23 қыркүйекте жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасы Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісім бекітілсін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі**

**мен**

**Беларусь Республикасы Үкіметінің**

**арасындағы Әуе қатынасы туралы**

**Келісім**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Белоруссия Республикасының Үкіметі, бұдан былай "Келісуші Тараптар" деп аталады,

1944 жылғы 7 желтоқсанда Чикаго қаласында жасалған және Вашингтонда қол қою үшін ашылған Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияның қатысушылары р е т і н д е ,

Келісуші Тараптар мемлекеттерінің аумақтарының арасында, сондай-ақ тысқары жерлерде әуе қатынасын орнату мақсатында Келісім жасауға ынталана отырып, төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

### Анықтамалар

1. Осы Келісімде, төмендегі атаулар мынаны білдіреді:

а) "Конвенция" атауы - 1944 жылғы 7 желтоқсанда Чикагода жасалған және Вашингтонда қол қою үшін ашылған Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияны білдіреді, және осы Конвенцияның 90-Бабына сай қабылданған кез келген Қосымшасын, және осы Келісімнің Келісуші Тараптарына осы Қосымшалар мен олардың түзетулері қолданылу дәрежесіне қарай, осы Қосымшалардың немесе Конвенцияның 90 және 94-баптарына сай қабылданған Конвенцияның кез келген түзетулерін де өзіне қосып алады;

б) "авиациялық билік орындары" атауы - Қазақстан Республикасына қатысты - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігін, ал Белоруссия Республикасына қатысты Авиация жөніндегі Мемлекеттік комитетті білдіреді;

в) "тағайындалған авиакәсіпорын" атауы - осы Келісімнің 3-бабына сәйкес тағайындалған және рұқсат алған авиакәсіпорынды білдіреді;

г) "аумақ", "әуе қатынасы", "халықаралық әуе қатынасы", "авиакәсіпорын" және "жүйелі әуе қатынасымен аялдама жасау" атаулары Конвенцияның 2 және 96-баптарында көрсетілген мағынаны білдіреді;

д) "тариф" атауы - жолаушыларды, багаж бен жүк тасымалы үшін белгіленетін бағаларды және агенттік қызметтер мен өзге де қосымша қызметтерді қоса осы бағалар қолданылатын жағдайларды білдіреді, бірақ бұған пошта төлемі мен тасымалының жағдайлары кірмейді;

е) "сыйымдылық" атауы:

- әуе кемесіне қатысты бүкіл маршрутта немесе маршрут бөлігінде осы әуе кемесінің саудалық толық тиелімін білдіреді;

- белгіленген әуе қатынасына қатысты осы қатынаста қолданылатын әуе кемесінің сыйымдылығы мен бүкіл маршрутта немесе оның бөлігінде осы әуе кемесімен жасалатын ұшулар жиілігіне көбейтіндісін білдіреді;

ж) "әуе кемесін пайдаланушы" атауы - әуе кемесін пайдаланумен айналысатын тұлғаны, ұйымды немесе осы салада өз қызметін ұсынушы кәсіпорынды білдіреді.

2. Осы Келісімнің Қосымшасы оның ажырамас бөлігі болып табылады.

## 2-бап

### Құқықтарды беру

1. Әрбір Келісуші Тарап осы Келісімнің Қосымшасында көрсетілген (бұдан әрі "келісілген әуе желілері" және "белгіленген маршруттар") маршруттар бойынша халықаралық әуе қатынасын орнату мақсатында осы Келісімде көрсетілген құқықтарды екінші Келісуші Тарапқа береді.

2. Әрбір Келісуші Тараппен тағайындалған авиакәсіпорындар белгіленген маршруттар бойынша келісілген әуе желілерін пайдалану кезінде мына құқықтарды пайдаланатын болады:

а) екінші Келісуші Тарап мемлекетінің аумағы бойынша қонбастан ұшып өту;  
б) екінші Келісуші Тарап мемлекетінің аумағы бойынша жүйелі әуе қатынастарын жасау мақсатымен қону;

в) Халықаралық қатынастарда тасымалданатын жолаушыларды, багажды, жүк пен поштаны осы Келісімнің Қосымшасында көрсетілген пункттерде бортқа алу мақсатымен екінші Келісуші Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында қону.

2. Осы баптың 2 тармағы кез келген Келісуші Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнына екінші Келісуші Тараптың аумағындағы басқа пунктке тасымалдау үшін арналған жолаушыларды, жүк пен поштаны жалдау шартында немесе сыйақы үшін бортқа алуына құқық береді деп қаралмайды.

## 3-бап

### Өкілдіктер

1. Әрбір Келісуші Тарап белгіленген маршруттар бойынша келісілген әуе желілерін пайдалану мақсатымен екінші Келісуші Тарапты жазбаша хабардар ете отырып, бір немесе бірнеше авиакәсіпорындарды тағайындауға құқығы бар.

2. Осылайша тағайындау алған екінші Келісуші Тараптың авиациялық билік орындары осы баптың 3 тармағындағы ережелерге сай жедел түрде әрбір тағайындалған авиакәсіпорындарға ұшулар орындау үшін тиісті рұқсаттарды береді.

3. Бір Келісуші Тараптың авиациялық билік орындары ұшуларды орындауға рұқсат беруден бұрын, екінші Келісуші Тараптың авиациялық билік орындарынан Конвенцияның ережелеріне сай халықаралық әуе қатынастарын жүзеге асыру кезінде осы билік орындарымен әдеттегідей және негізімен қолданылып жүрген заңдар мен ережелерде қарастырылған жағдайларды орындай алу қабілетінің барлығы туралы дәлелдемелер талап ете алады.

4. Әрбір Келісуші Тарап осы баптың 2 тармағында көрсетілген ұшуларды орындауға рұқсат беруден бас тартуға немесе осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген құқықтарды тағайындалған авиакәсіпорындардың пайдалануы кезінде қажетті болуы

мүмкін жағдайларды, осы авиакәсіпорынды иелену билігі мен нақты бақылау жасай алуы оны тағайындаған екінші Келісуші Тарапқа немесе сол мемлекеттің азаматтарына жататындығы туралы күмәнданған кез келген жағдайда да талап етуіне құқығы бар.

5. Авиакәсіпорын осылайша тағайындалған және рұқсат алған соң, осы Келісімнің 12-бабына сай белгіленген тарифтер осы желілерде күшіне енгізілген кезде келісілген желілерді пайдалануын кез келген уақытта бастауы мүмкін.

6. Келісуші Тараптың авиациялық билік орындары осы Келісімнің ережелеріне сай олар тағайындайтын кез келген авиакәсіпорынды басқамен ауыстыруына құқығы бар. Жаңадан тағайындалған авиакәсіпорында өзі ауыстырған авиакәсіпорынның барлық құқықтары мен міндеттемелері болады.

#### **4-бап**

### **Ұшуларды орындауға берілген рұқсаттардың күшін жою немесе уақытша тоқтату**

1. Әрбір Келісуші Тарап ұшуға берілген рұқсатты жоюға немесе осы Келісімнің 2-бабында қарастырылған құқықтарды екінші Келісуші Тараптың тағайындаған авиакәсіпорнының пайдалануын уақытша тоқтатуға немесе осы құқықтарды пайдалану кезінде қажетті деген шарттардың мына жағдайларда орындалуын талап етуге құқықты :

а) осы авиакәсіпорынды иелену билігі мен нақты бақылау жасай алуы оны тағайындаған екінші Келісуші Тарапқа немесе сол мемлекеттің азаматтарына жататындығы туралы дәлелі болмаған жағдайда; немесе

б) егер осы авиакәсіпорны бұл құқықтарды берген Келісуші Тарап мемлекетінің заңдары мен ережелері сақталмаған жағдайда;

в) егер авиакәсіпорны қандай бір себептермен осы Келісімде жазылған шарттардың орындалуын сақтамаған жағдайда.

2. Егер заңдар мен ережелердің бұдан былай да бұзылуын ескертуге осы баптың 1 тармағында көрсетілген шарттардың орындалуын талап ету немесе жедел жою, уақытша тоқтата тұру қажетті болып табылмаса, онда екінші Келісуші Тараппен кеңесулерден кейін ғана осындай құқықтар пайдаланылатын болады.

#### **5-бап**

### **Заңдар мен ережелердің қолданылуы**

1. Бір Келісуші Тарап мемлекетінің халықаралық әуе қатынастарын пайдаланатын әуе кемесінің өз аумағына ұшып келуін және кетуін реттейтін заңдары мен ережелері екінші Келісуші Тараптың тағайындаған кез келген авиакәсіпорнының әуе кемесіне де қолданылатын болады.

2. Бір Келісуші Тарап мемлекетінің өз аумағынан жолаушылардың, экипаждың, багаждың, жүктің немесе поштаның келуін, уақытша болуын және кетуін реттейтін заңдары, ережелері және процедуралары кіруге, шығуға, сондай-ақ кедендік және санитарлық шаралары сияқты формалдылықтары екінші Келісуші Тараптың кез келген тағайындалған авиакәсіпорнының әуе кемесімен тасымалданатын жолаушыларға, экипажға, багажға, жүкке немесе поштаға аталмыш аумақта болу кезінде қолданылатын болады.

## **6-бап**

### **Куәліктер мен айғақтарды тану**

1. Келісуші Тараптардың бірімен берілген немесе пәрменді деп танылған, күш мерзімі өтпеген ұшу жарамдылық куәліктері, біліктілік куәліктері мен айғақтары, белгіленген маршруттардағы келісілген әуе жолдары бойынша ұшуларды орындау үшін берілген немесе пәрменді деп танылған осындай куәліктер немесе айғақтар Конвенциямен белгіленген ең аз өлшемді стандарттарға сай немесе одан жоғары болған және олардың күш мерзімі өтпеген жағдайда, екінші Келісуші Тараппен де пәрменді деп танылады.

2. Әрбір Келісуші Тарап, дегенмен, өз мемлекетінің аумағы үстінен ұшуларға қатысты өз азаматтарына берілген немесе кез келген басқа мемлекетпен пәрменді деп танылған біліктілік куәліктері мен айғақтарынан бас тартуына құқықты.

## **7-бап**

### **Пайдалану алымдары**

Әрбір аэропорттың пайдалану алымдарына оның ғимараттарын, техникалық және басқа құралдары мен қызметтерін пайдалану алымдарын қоса, сондай-ақ аэронавигациялық құралдарын, байланыс құралдарын және қызметтерін пайдалану алымдары Келісуші Тарап мемлекетінің аумағында белгіленген ставкаларға сай алынатын болады.

## **8-бап**

### **Кедендік баж салығы мен басқа алымдардан босату**

1. Кез келген Келісуші Тараптың тағайындалған авиакәсіпорындарының халықаралық әуе қатынастарын жүзеге асыратын әуе кемелері, сондай-ақ олардың жинақталған борттық жабдықтары, сол әуе кемесіне тиелген жанармай және жағармай материалдарының қоры және борттық қорлар (азық-түлік тағамдары, сусындық және темекі заттарын қоса) екінші Келісуші Тарап мемлекетінің аумағына әкелінгеннен кейін барлық кедендік баж салығынан, инспекциялық және басқадай алымдардан

босатылады, әйтседе кері әкетілген мерзімге дейін құралдар мен қорлар әуе кемесінің б о р т ы н д а қ а л у ғ а т и і с т і .

2. Сонымен бірге, көрсетілген қызметтер үшін алымдарды қоспағанда, ондай салықтардан, баждар мен алымдардан мыналар да босатылады:

а) бір Келісуші Тарап мемлекетінің аумағында осы Келісуші Тараппен белгіленген көлемде бортқа алынып, белгіленген маршруттар бойынша ұшуды орындаушы екінші Келісуші Тараптың әуе кемесінің бортында пайдалану үшін қолданылатын борттық қ о р л а р ;

б) бір Келісуші Тарап мемлекетінің аумағына екінші Келісуші Тараптың тағайындаған авиакәсіпорнымен пайдаланылатын әуе кемесін техникалық қызметтен өткізу немесе жөндеу үшін әкелінетін қосалқы бөлшектер;

в) бір Келісуші Тараптың аумағында екінші Келісуші Тараптың тағайындаған авиация кәсіпорнымен пайдаланылатын әуе кемесінің тұтынуы үшін берілетін жанар және жағармай материалдары, тіпті бұл қорлар бірінші Келісуші Тарап мемлекетінің аумағының шегінде жатқан маршрут бөлігінде бортқа алынып, қолданылатын болса да;

г) бір Келісуші Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнымен пайдаланылатын көлік құжаттары, әуе накладнойлары, сондай-ақ жолаушылар тасымалы қамтамасыз етілген жағдайда, тағайындалған авиакәсіпорынмен сауда және пайдалану мақсатында екінші Келісуші Тараптың аумағында пайдаланылатын жарнамалық материалдары, сондай-ақ автомобильдер, материалдар және жабдықтар.

3. Осы баптың 2 тармағында көрсетілген материалдардың кедендік билік орындарының қадағалауына алыну шарты қойылуы мүмкін.

4. Бір Келісуші Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнымен пайдаланылатын әуе кемесінің бортындағы жинақты борт жабдықтары, сондай-ақ материалдары, қорлар мен қосалқы бөлшектер екінші Келісуші Тарап мемлекетінің аумағына кедендік билік орындарының рұқсатымен ғана түсірілуі мүмкін. Ондай жағдайда, олар, кері әкетілгенге дейін немесе кедендік ережелерге сәйкес басқадай қолданыс тапқанға дейін , ескертілген билік орындарының қадағалауында болып жайластырылуы мүмкін.

5. Сонымен қатар кез келген Келісуші Тарап мемлекетінің аумағы арқылы тікелей транзитпен жүретін багаж бен жүкке де салықтар, кедендік баждар мен алымдар алынбайтын болады.

## **9-бап**

### **Тікелей транзит**

Бір Келісуші Тарап мемлекетінің аумағы арқылы тікелей транзитпен жүруі және осы мақсатқа бөлінген әуежай ауданынан шықпайтын жолаушыларға, теңдеме жүк пен жүктерге авиация қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағдайларынан басқа азаматтық

авиация қызметіне заңсыз араласатын және тасылымына тыйым салынған заттар мен нәрселерге бақылаудың тек жеңіл түрлері жүргізіледі.

## **10-бап**

### **Тасымал көлемін реттеу**

1. Келісуші Тараптардың әрқайсысының тағайындалған авиакәсіпорнына белгіленген маршруттар бойынша келісілген әуе жолдарын пайдалану кезінде қолайлы және тең жағдайлар ұсынылатын болады.

2. Бір Келісуші Тараптың тағайындалған авиакәсіпорны келісілген әуе жолдарын пайдалану кезінде екінші Келісуші Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнына осы маршрутта немесе оның бөлігінде тасымал жағдайына қолайсыз әсер етпеу үшін сол Тараптың мүддесін қарастыруы тиіс.

3. Келісуші Тараптардың тағайындалған авиакәсіпорындарымен пайдаланылатын келісілген әуе желілері белгіленген маршруттар бойынша тасымалдың қоғамдық мұқтажына сай болуы тиіс және әрбір авиакәсіпорнының ең бірінші мақсаты ақылға сыйымды тиеу коэффициенті болған жағдайда, олардың тиісті аумақтарының арасында жолаушы, жүк және пошта тасымалдарының мұқтажына жауап беруі тиіс.

4. Кез келген келісілген әуе желілеріндегі сыйымдылықтар Келісуші Тараптардың авиациялық билік орындарының арасындағы уағдаласу бойынша анықталатын болады.

## **11-бап**

### **Кестелерді бекіту**

Келісілген әуе желілерінің қозғалыс кестелері, сондай-ақ оның өзгертулері мен толықтырулары екі Келісуші Тараптың авиациялық билік орындарының кестені бекітуі үшін болжалған күнге дейін кемінде (30) отыз күннен кешіктірмей тағайындалған авиакәсіпорындарға ұсынады. Ерекше жағдайларда бұл мерзім аталмыш билік орындарының уағдаласуымен өзгертілуі мүмкін.

## **12-бап**

### **Тарифтер**

1. Кез келген келісілген әуе желілеріндегі тарифтері тасымал нарқына байланысты барлық факторларды ескере отырып, белгіленетін болады.

2. Осы баптың 1 тармағында көрсетілген тарифтер белгіленген маршруттардың әрқайсысы бойынша Келісуші Тараптардың екеуінің тағайындалған авиакәсіпорындарының арасында келісілетін болады.

3. Осылайша келісілген тарифтер олардың болжанған енгізу күніне дейін кем дегенде отыз (30) күн бұрын Келісуші Тараптардың авиациялық билік орындарына

ұсынылатын болады. Бұл мерзім ескертілген билік орындарының келісуімен қысқартылуы мүмкін. Егер авиациялық билік орындары тарифтер ұсынылған күннен бастап он бес (15) күннің ішінде өз келіспеушілігін білдірмесе тарифтер бекітілген бо л ы п е с е п т е л е д і .

4. Бекітуге ұсынылған тариф осы баптың 2 тармағына сай келісілмеген жағдайда, немесе осы баптың 3 тармағында көрсетілген кезеңде бір Келісуші Тараптың авиациялық билік орындары екінші Келісуші Тараптың авиациялық билік орындарына өздеріне бекітуге ұсынылған кез келген тарифпен келіспейтіндігін хабарлаған жағдайда , екі Келісуші Тараптың авиациялық билік орындары өзара уағдаласу арқылы осындай т а р и ф т і б е л г і л е у г е т ы р ы с а д ы .

5. Егер Келісуші Тараптардың авиациялық билік орындары осы баптың 4 тармағына сай ұсынылған тарифтердің кез келгенімен немесе осы баптың 4 тармағына сай кез келген тарифті анықтау бойынша уағдаласа алмаған жағдайда, пікірталастар осы Келісімнің 17-бабының қағидаларына сай шешіледі.

6. Осы баптың қағидаларына сай белгіленген тарифтер жаңа тарифтер белгіленгенге дейін күшінде қалады. Тарифтердің ешқайсысы да Келісуші Тараптардың авиациялық билік орындарының бекітуінсіз күшіне енбейтін болады.

## **13-бап**

### **Сауда және қаржы мүмкіншіліктері**

1. Бір Келісуші Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнына екінші Келісуші Тарап мемлекетінің аумағында жеке меншік тасымал құжаттарын пайдалана отырып, жергілікті немесе еркін конверсияланатын кез келген валютамен тікелей немесе осы екінші Келісуші Тарап мемлекетінің заңдары мен ережелерін сақтай отырып, агенттері арқылы авиакөлік тасымалдарын сатуға құқық береді.

2. Бір Келісуші Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнына екінші Келісуші Тарап мемлекетінің аумағында өз өкілдіктерін ашуға және сол елге келу, тұру және еңбек етуге қатысты заңдар мен ережелерді сақтауға, сол жерде өзінің жеке меншік әкімшілік техникалық және сауда және келісілген әуе жолдарын пайдалануға қажетті өзге де персоналдарды ұстауға құқық беретін болады.

3. Әрбір Келісуші Тарап екінші Келісуші Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнына осы авиакәсіпорнымен келісілген әуе жолдарын пайдаланудан алынған табыстың шығыстан айырмасының сомасын еркін аудару құқығын береді.

4. Осындай аударым Келісуші Тараптардың арасындағы қаржы қатынасын реттейтін келісімдердің қағидаларына сай жүргізілуі тиіс. Осындай келісім немесе осы келісімнің тиісті қағидалары болмаған жағдайда, ақша аударымы аумағында табыс алынған мемлекеттің тиісті заңдарына сай жүзеге асырылуы тиіс.

5. Келісуші Тараптар қосарлы салық салуды болдырмау үшін екінші Келісуші



Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнымен жүзеге асырылатын халықаралық тасымалдарда әуе кемелерін пайдаланудан түскен сомаға немесе табысқа ешқандай салық салмауға міндеттенеді.

6. Келісуші Тараптар осы баптың 2 тармағында аталған өкілдіктерге жұмыс атқаруға өз мемлекеттерімен сапарға жіберілген екінші Келісуші Тараптың қызметкерлерінен салық алымын алмайды.

## **14-бап**

### **Авиация қауіпсіздігі**

1. Келісуші Тараптар халықаралық құқықтардан туындайтын өздерінің құқылары мен міндеттемелеріне сай бір біріне қатысты алған азаматтық авиацияның күшсіздігіне заңсыз араласу актілерінен қорғау міндеттері осы Келісімнің ажырамас бөлігін құрайтынын мақұлдайды. Халықаралық заңдарда көрсетілген құқылары мен міндеттерінің жалпылама қолданысымен шектеліп қоймай, Келісуші Жақтар сонымен бірге, 1963 жылғы 14 қыркүйекте Токиода қол қойылған әуе кемелерінің бортында жасалатын қылмыстар мен кейбір басқа актілер туралы Конвенциясының, 1970 жылғы 16 желтоқсанда Гаагада қол қойылған әуе кемелерін заңсыз басып алуға тойтарыс беру жөніндегі Конвенциясының, және 1971 жылғы 23 қыркүйекте Монреальда қол қойылған Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы жасалатын заңсыз актілермен күресу туралы Конвенциясының, осы Конвенцияның 1988 жылғы 24 ақпанда Монреальда қол қойылған Халықаралық азаматтық авиация әуежайларындағы заңсыз зорлау актілерімен күресу туралы қосымша Хаттама қағидаларына, сондай-ақ бұдан әрі олардың арасында бекітілетін келісімдерге сай қимыл-әрекет жасайтын болады.

2. Келісуші Тараптар бір Келісуші Тараптың өтініші бойынша әуе кемелерін заңсыз басып алу актілеріне және әуе кемелерінің, олардың жолаушылары мен экипаждарының, әуежайлар мен аэронавигациялық құралдардың қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілерге, сондай-ақ азаматтық авиация қауіпсіздігіне қатер төндіретін әрқилы әрекеттерге жол бермеуде бір біріне қажетті барлық көмегін көрсетіп отыратын болады.

3. Келісуші Тараптар өзара қарым-қатынасын Халықаралық азаматтық авиация ұйымы орнатқан және Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияға тіркелген қосымшалардағы авиация қауіпсіздігі жөніндегі ережелерге сәйкес құрулары тиісті, әйтседе мұндай қауіпсіздіктер жөніндегі ережелер Келісуші Тараптарға қолданымды болулары тиісті. Келісуші Тараптар әуе кемелеріне қызмет атқаратын, қызмет орыны мен тұрақты тұрғындары өз мемлекетінің аумағында болатын персоналдар мен өз мемлекетінің аумақтарындағы халықаралық әуежайларда қызмет ететін персоналдардан осындай авиация қауіпсіздігі жөніндегі ережелерге сай әрекет жасауларын талап ететін болады.

4. Әрбір Келісуші Тарап екінші Келісуші Тараптың аумағы шеңберіне ұшып бару, онда болу және одан ұшып кету үшін қажетті осы баптың 3 тармағында айтылған авиация қауіпсіздігі туралы ережелер мен талаптардың толық орындалуын сол әуе кемелеріне қызмет көрсететін персоналдан екінші Келісуші Тарап талап ете алады дегенге келіседі. Әрбір Келісуші Тарап өз мемлекетінің аумағы шеңберінде әуе кемелерін қорғау үшін және жолаушыларды, экипажды, қол жүктерін, багажды, жүкті және борттық қорларды отырғызудан немесе тиеуден бұрын, әйтпесе сол отырғызу-тиеу кездерінде тексеру үшін қажетті шаралардың ұтымды қолданылуын қамтамасыз ететін болады. Сонымен қатар, әрбір Келісуші Тарап екінші Келісуші Тараптың нақтылы қатерге байланысты арнайы шара қолдануы туралы кез келген өтінішін зор тілектестікпен қарап отырады.

5. Әуе кемесін заңсыз басып алуға байланысты немесе әуе кемесінің, ондағы жолаушылар мен экипаждың, әуежайлар мен басқадай аэронавигациялық құрал-аспаптардың қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілерге байланысты қақтығыстар немесе қақтығыс қатері туған жағдайда, Келісуші Тараптар өзара байланысты жеңілдету арқылы және ондай қақтығыстарды немесе қақтығыс қатерін тез және қауіпсіз түрде жою мақсатында басқадай тиісті шаралар қолдану арқылы бір-біріне көмектесіп отырады.

## **15-бап**

### **Статистикалық мәліметтерді айырбастау**

1. Әрбір Келісуші Тараптың авиациялық билік орындары екінші Келісуші Тараптың сұрауы бойынша мерзімді немесе өзге статистикалық ақпараттарды беретін болады.

2. Мұндай статистикалық ақпараттарда келісілген әуе жолдарында тағайындалған авиакәсіпорнымен орындалатын тасымал көлемін анықтау үшін қажетті ақпараттар, оған қоса осындай тасымалдардың жөнелту пункттері мен бағытталған пункттері жөнінде мәліметтер болуы тиіс.

## **16-бап**

### **Кеңесулер мен өзгертулер**

1. Осы Келісімді орындауға қатысты барлық мәселелер бойынша Келісуші Тараптардың авиациялық билік орындарының арасында тығыз ынтымақтастық рухта мерзімді кеңесулер жүргізетін болады.

2. Келісуші Тараптардың бірі осы Келісімнің ережелерін немесе оның қосымшасын өзгертуді ұсынған жағдайда, Келісуші Тараптардың авиациялық билік орындарының арасында болжалған өзгерістерге қатысты кеңесулер жүргізетін болады. Келісуші Тараптардың авиациялық билік орындары осы кезеңді ұзарту жөнінде келіспеген жағдайда, оны жүргізу жөнінде сұраныс түскен күннен бастап, алпыс (60) күннің

ішінде кеңесулер жүргізілуі тиіс. Түзетулерді қабылдау жөнінде дипломатиялық арналар бойынша нота алмасқаннан кейін осы Келісімнің ережелері күшіне енеді.

## **17-бап**

### **Дау-Дамаларды шешу**

1. Келісуші Тараптардың арасында осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға байланысты туындаған қайсы-бір дау-дама әуелі тікелей келіссөздер жүргізу арқылы шешілетін болады.

2. Аталмыш билік орындары келісімге келе алмаған жағдайда, Келісуші Тараптардың кез келгенінің кепілдемесімен дау-дама Төрелік сотқа беру бойынша шешілетін болады.

3. Мұндай Төрелік сот әрбір нақты жағдайда былай бекітілетін болады. Дауды шешу құзырын құрамы үш адамнан тұратын, екеуі Келісуші Тараптардың әрқайсысымен Келісуші Тараптардың кепілдемесі түскен күннен кейін кемінде алпыс (60) күннің ішінде тағайындалуы, ал үшіншісі өзге мемлекеттің азаматы - тағайындалған екі төрешімен тағайындалуы тиіс. Төрағаның тағайындалу мерзімі екі төреші тағайындалған мерзімнен кейін кемінде алпыс (60) күннің ішінде болуы тиіс.

4. Егер осы баптың 3 тармағында көрсетілген мерзім ішінде Келісуші Тараптар төрешілерін тағайындай алмаса немесе осы мерзімде Төрелік соттың үшінші төрешісі тағайындалмаған жағдайда, Келісуші Тараптардың әрқайсысы тағайындау туралы өтінішін Халықаралық азаматтық авиация ұйымы Кеңесінің Президентіне жолдайды. Президент Келісуші Тараптар елдерінің бірінің азаматы болып шыққан және аталған қызметті орындай алмаған жағдайда, бұл өкілеттік Халықаралық азаматтық авиация ұйымы Кеңесінің Вице-Президентіне ұсынылады, ал ол Келісуші Тараптар елдерінің бірінің азаматы болып шыққан және аталған қызметті орындай алмаған жағдайда, осы тағайындау Келісуші Тараптар мемлекетінің азаматы болып табылмайтын Халықаралық азаматтық авиация ұйымы Кеңесінің келесі аға мүшесіне ұсынылады.

5. Осы бапқа сай құрылатын Төрелік сот басым дауыспен шешім қабылдайды. Осы шешім Келісуші Тараптардың екеуінің орындауына міндетті болып табылады. Төрешілердің шығынын қоса, Төрелік соттың шығындары Келісуші Тараптармен жүргізіледі. Президент шығынын және ескерілмеген шығындар сот үрдісінен жеңіліп қалған Келісуші Тарап төлейді.

## **18-бап**

### **Тіркеу**

Осы Келісім, оның өзгерістері мен толықтырулары Халықаралық азаматтық авиация ұйымында тіркеледі.

## 19-бап

### Келісім күшінің мерзімі

1. Осы Келісім шексіз уақытқа бекітіледі.

2. Әрбір Келісуші Тарап дипломатиялық арналар бойынша осы Келісімнің күшін жою туралы ниетін мәлімдейді. Сонымен қатар осы мәлімдеме Халықаралық азаматтық авиация ұйымына жіберіледі. Егер осы мәлімдеме - хат төмендегі мерзімнің ішінде екіжақты келісілген түрде кері қайтарылып алынбаған жағдайда, бұл Келісімнің күші осы мәлімдемені Келісуші Тараптар алған күннен бастап он екі (12) ай өткеннен кейін күшін тоқтатады, ал осы мерзім ішінде Келісуші Тараптардың мәлімдемені алғаны туралы растау болмаған жағдайда, мәлімдемені Халықаралық азаматтық авиация ұйымы алған күннен бастап он төрт (14) айдан соң Келісім күшін тоқтататын болады.

## 20-бап

### Күшіне енуі

Осы Келісім күшіне енуі үшін қажетті мемлекет ішінің үрдістерін орындағандары туралы Келісуші Тараптар бір біріне дипломатиялық арналар бойынша хабарлайды. Осы Келісім осындай ноталар түскен күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім 199\_\_ жылғы "23" 09 Алматы қаласында екі дана болып, қазақ, белорус , және орыс тілдерінде, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей болып жасалды. Осы Келісімді немесе Қосымшасын түсіндіруге байланысты пікірталас туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін үстем болады.

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Белоруссия Республикасының  
Үкіметі үшін

### Қосымша

1. Қазақстан Республикасының тағайындалған авиакәсіпорындарымен мына маршруттар бойынша пайдаланатын келісілген әуе жолдары:

Қазақстан Республикасындағы кез келген жөнелту пункттері	Аралық пункттер	Белоруссия бағытындағы	Тысқары пункттер кез келген
--	-----------------	------------------------	-----------------------------

2. Белоруссия Республикасының тағайындалған авиакәсіпорындарымен мына маршруттар бойынша пайдаланатын келісілген әуе жолдары:

Белоруссия Республикасындағы кез келген жөнелту пункттері	Аралық пункттер	Қазақстан бағытындағы	Тысқары пункттер кез келген
---	-----------------	-----------------------	-----------------------------

Е с к е р т у :

1. Әрбір Келісуші Тараптың тағайындалған авиакәсіпорындары келісілген әуе желілерін пайдалану мақсатымен әрбіреуіне бір немесе бірнеше авиакәсіпорындарды тағайындауға құқығы бар.

2. Келісуші Тараптар мемлекеттерінің аумағында бесінші әуе еркіндігі сауда құқығын пайдалану Келісуші Тараптардың авиациялық билік орындарының арасында жеке шарттармен жасалады.

3. Осы Қосымшада бұдан әрі пункттерді қарастыру Келісуші Тараптардың авиациялық билік орындарының арасында келісу жолымен жүзеге асырылады.